




Қор нарығына бағытталған соққы

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильм туынды қаржы құралдары – опциондардың акция және облигацияларды өткізуде тәуекелді минимизациялау үшін қолданыла алатыны жөнінде баяндайды. Фильмде оған қоса Блэк-Шоулздың опциондар бағасын белгілеу моделі және тәуекелді минимизациялаудағы сақтандыру туралы айтылады. Блэк-Шоулз моделі қаржы ұйымдарымен кеңінен қолданылғанымен, 1998 жылғы қаржы нарығының дағдарысы секілді оқыс жағдайлар оның сенімсіздігін көрсетеді. Мұнда сіз Блэк-Шоулз моделін толықанды түсінесіз деп айта алмаймыз, бірақ фильм корреляция, тұрақсыздық және капиталға қайтарым жасау ұғымдарын енгізуде пайдалы болып табылады.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Белгілердің сандарды теңдеулермен немесе формулалармен беруде қолданылатынын түсіну.
- Ақша көмегімен есептер шығара білу.
- Сызықтық және сызықтық емес графиктер диапазонында берілген ақпаратты талқылай білу.
- Қаржы опционы тұжырымдамасын түсіну.

Ұсынылатын жаттығулар

- Уақыт бойынша салынған көрсеткіштері бар қаржы нарығының графигін құрып, ірі экономикалық оқиғалар жағдайында ондағы ойыстар мен шыңдарды талқылау.
- Егер екі адам \$1000 ақшаны қаржы нарығына салып, әр түрлі уақыт аралығында банкке сақтауға берсе, ақырындағы екеуіндегі \$1000 құнын салыстыру және есептеу.

Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Корреляция және таратылған ақпарат диаграммасындағы корреляция деңгейінің бағасы ұғымдарын түсіну.
- Таратылу өлшемдері тұжырымдамасын түсіну.

Ұсынылатын жаттығулар

- Уақыт бойынша берілген әртүрлі мемлекеттегі инфляция және таратылған пайыздық мөлшерлеме диаграммасын құру, мәліметтер корреляциясына талдау жасау.
- Уақыт бойынша көрсетілген әртүрлі акциялар құнына график құрып, мәліметтердің таратылуындағы өзгерістер айырмашылығын бағалау.
- Уақыт бойынша көрсетілетін корреляция коэффициенттері мен мәліметтер жиынына арналған дисперсияны есептеу үшін электрондық кестелер немесе ғылыми калькуляторларды пайдалану.



Блэк пен Шоулз қор нарығындағы тәуекелділікті жоққа шығаратын формула ойлап тапты.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Акциялардың құны неліктен өзгереді?

Бұл фильмде үлескерлікпен қатысу құнына әсер ететін факторлар анықталады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Тұтқындар дилеммасы

Бұл фильмде келесі сұрақ қарастырылады: егер сіздің келесі әрекетіңіз өзгелердің әрекетіне, ал олардың шешімі тура өзіңізге тәуелді болса, сіз не істейсіз?

Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Бұл фильмде акция сату арқылы ақша жинауға қауқары жоқ компаниялар, қарыз алуға мәжбүр болатындығы айтылады. Бірақ, басқаруға келетін қарыз мөлшері қаншалықты үлкен болмақ?

Гиперинфляция: 1920 жылдардағы Германия

Бұл фильмде қарыздан құтылу үшін, жалған ақша басып шығарудың қаншалықты тәуекелді іс екендігінің тарихи мысалы көрсетіледі.

Айнымалылар: Сандар арқасындағы таныстық

Бұл фильмде айтарлықтай мүмкін болатын, тіпті акция құнына болжам жасауға қарағанда әлдеқайда маңыздырақ істі сипаттайды: жарасымды жұбыңызды табудың мүмкіндігін анықтаймыз.

Алгоритмдер әлемді қалай өзгертеді?

Бұл фильм акция құнын модельдеу ісі қиын көрінгенімен, күнделікті өмірдің көптеген өзге аспектілерін математикалық жолмен анықтау оңайырақ болатындығын баяндайды.

Балықты тұтыну кісі өлтірудің алдын ала ма?

Бұл фильмде тәуекелдікті әртараптандыруда корреляцияның (немесе оның болмауы) шешуші рөл атқаратындығы көрсетіледі. Ал сол корреляция кісі өлтіру санын түсіндіріп бере ала ма?

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушыларыңызға келесі емтихан нәтижесіне опцион жасағалы жатқаныңызды мәлімдеңіз. Олардың негізінен қалай жауап беретіндігіне көз жұма отырып, опционды ұтқан адамға келесі емтиханда 65% беруге келісесіз. Олар опцион үшін бәсекеге түсуге мәжбүр, алайда келесі емтиханның оңайлығы соншалық, егер барлығы 65%-дан жоғары алатын болса, бұл мүмкіндік мәнсіз болмақ. Олар қанша тігер екен? Құнға әсер ететін факторлар жөнінде көбірек мәлімет біліп алыңыз.

Фильм көрсету



Қор нарығына бағытталған соққы

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Уақыт бойынша көрсетілген қаржылық көрсеткіштер мен пайыздық мөлшерлемелерден тұратын уақыт қатарын дайындаңыз. Оқушыларға осы мәліметтерді графикке салып, ондағы жоғары және төмен мәндерді экономикалық оқиғалар жағдайында талқылауды тапсырыңыз. Бұл, өз кезегінде, банк дағдарысы, интернеттегі алаяқтық, экстремальды табиғи құбылыстар, мұнай бағасының өзгеруі, соғыстар және т.б. ұғымдарды түсінуге септігін тигізеді. Көрсеткіштерге сәйкес келетін желілік трендті (көзбен немесе электрондық кесте арқылы) анықтаңыз және трендтен графиктің ең жоғарғы және төменгі нүктелеріне дейінгі өзгерістерді пайызбен көрсетіңіз. Оқушылар қай көрсеткішті қауіпті деп таныр еді?

Тереңдетілген деңгей

Уақыт қатарындағы мәліметтерді пайдалана отырып, бір графикке берілген мемлекеттің пайыздық мөлшерлеме және инфляция деңгейін салып, мәліметтердегі кез-келген мүмкін заңдылықтарды бақылаңыз. Содан соң, пайыздық мөлшерлеменің (y) инфляцияға қарсы (x) таратылым графигін салып, кез-келген мәліметтер корреляциясын сипаттап беріңіз. Дәл осыны ірі компаниядағы акция құны мен қаржы нарығының сәйкес көрсеткіштеріне жасаңыз. Екі мәліметтер жинағының арасында жүйелілікті байқадыңыз ба?

Қосымша жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларға бірнеше жыл бұрын екі адамның да \$1000 ақшалай қаражатты қаржы нарығына және депозитке, банктегі есеп шотқа сақтауға бергенін айтыңыз. Оларға уақыт бойынша өз инвестиция құнын есептеп шығаруға тапсырма беріңіз. Екі мән жолындағы айырмашылықтарды сипаттап беріңіз.

Тереңдетілген деңгей

Жоғарыда кестеде берілген мәліметтерді енгізе отырып, әрбір мәліметтер жинағына қатысты ауытқулар мен әртүрлі жиындар арасындағы корреляциялардың сандық мәндерін есептеу үшін кесте функцияларын пайдаланыңыз. Алдыңғы оқушылардың жай көзбен анықтаған сандық мәндері мен графиктегі мәндері сәйкес келе ме? Екі өлшеу әдісін де тәуекелділікті бағалауға қолдануға бола ма?

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

Оқушыларға қаржылық опциондарды зерттеп, сату опциондарын сатып алу опциондарынан ажырата білуді үйрету. Әртүрлі нарықтық жағдайларда опциондардың әрбір түрін тартымды болуына әсер ететін факторларды анықтаңыз.

$$C = SN(d) - Le^{-rt} N(d - \sigma\sqrt{t})$$

Осы формула үшін Шоулз бен Мэртон 1973 жылы Нобель сыйлығымен марапатталды.